




Sea-Dweller

Oyster, 43 mm, Oystersteel

Sea-Dweller Oystersteel
болаты жасалған Oyster
Perpetual Қара
керамикадан жасалған
Cerachrom безелінің
тегерігі және Oysterбілезігі.



КЕРАМИҚАЛЫҚ БЕЗЕЛЬ ЖӘНЕ ЛЮМИНЕСЦЕНТТІ
ДИСПЛЕЙ

Сүңгуірлердің аңызға айналған сағаты

Sea-Dweller моделінің 60 минуттық етіп ойылған, бір бағытта айналмалы безелі сүңгуірлерге сүңгу уақытында және декомпрессиондық тоқтау кезінде уақытты дәл және қауіпсіз бақылауға мүмкіндік береді.

Ол Rolex компаниясы шығарған патенттелген қара Cerachrom безелінің дискімен жабдықталған, оның түсі ультракүлгін сәулелердің әсеріне ұшырамайды және іс жүзінде сызатқа төзімді керамикадан жасалған. Таңбаламасы платинаның жұқа қабатымен PVD (Physical Vapor Deposition – металл буларын

конденсациялау) технологиясы арқылы жабындалған. Минимализм стилінде жасалған циферблатта Chromalight ірі көрсеткіштері мен таңбалары ерекшеленеді, оған қараңғы кезде керемет көруге болатын ұзақ уақытқа жететін ашық көк жарық люминесцентті материалмен толтырылған.



ҚАНЫҚ ҚАРА ЦИФЕРБЛАТ

Түпнұсқадан шабыт алған

Sea-Dweller сағатының қара циферблатында үлкен тілдері бар және Rolex кәсіби модельдеріне арналған көрсеткіштері сақталған. Циферблатта “Sea-Dweller” атауы түпнұсқа модельге сілтеме ретінде қызыл түспен жазылған.

Циферблаттағы Chromalight көрсеткішінің жаңашыл жүйесі қараңғыда оқу мүмкіндігін айтарлықтай жақсартады. Оның айрықша көк жарығы сегіз сағатқа дейін жетеді, бұл дәстүрлі люминесцентті

материалдардың жарықты қамтамасыз етуімен
салыстырғанда іс жүзінде екі есе артық.




OYSTERSTEEL БОЛАТЫ

Коррозияға жоғары төзімділік

Rolex өзінің болат сағат корпустары үшін Oystersteel материалын қолданады. Компания арнайы әзірлеген Oystersteel 904L болат тобына жатады, ол коррозияға аса төзімділік қажет жоғары технологияда және аэроғарыш пен химиялық өнеркәсіптерде қолданылады.

Oystersteel болаты жоғары төзімділігімен ерекшеленеді, керемет жылтырап өңделеді және қатаң сыртқы жағдайларда пайдаланған кезде де өзінің бастапқы сұлулығын сақтайды.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Oyster білезігі - берік әрі ыңғайлы болу үшін жасалған пішін мен функцияның, эстетика мен технологияның тамаша синтезі.

Ол кездейсоқ ашылып қалмайтын Oysterlock түймелігімен және ерекше Glidelock жүйесімен жабдықталған, ол білезік ұзындығын сүңгуір костюмінің сыртынан ыңғайлы тағуға мүмкіндік беретін құралдарды пайдаланбай дәл реттеуге мүмкіндік береді.

Толығырақ техникалық деректер Sea-Dweller

Сілтеме 126600

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 43 мм, Oystersteel

Диаметрі

43 мм

Материал

Oystersteel болаты

Безель

Бір бағытта айналмалы 60 минуттық етіп ойылған, қара керамикадан жасалған Cerachrom безелі сызатқа төзімді, сандар және межеліктегі таңбалар платинамен қапталған

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді Triplock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты, күнін көрсету терезесінде Cyclops линзасы

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 1220 метрге / 4000 футқа дейін, гелиийдің шығару клапаны

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

3235, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 70 сағат

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Білезік материалы

Oystersteel болаты

Түймелік

Жиналмалы тоғамен Oysterlock қауіпсіздік түймелігі, Rolex Glidelock ұзарту жүйесімен

Циферблат

Түрі

Қою қара

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан
кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты Rolex.com сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

